

6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 Ахметжанова Гүльдарай Адильхановнаның
 «Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін
 қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/ н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының</u> <u>Үкіметі</u> <u>жанындағы</u> <u>Жоғары ғылыми-техникалық комиссия</u> <u>бекіткен ғылым дамуының басым бағытына</u> <u>сәйкес (бағытын көрсету)</u> келеді.	1.1. Диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен ғылыми-практикалық бағыттылығы Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың стратегиялық басымдықтары мен мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына толықтай сәйкес келеді. Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологияларды енгізу – стратегиялық дамудың негізгі бағыты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында цифрландыруды экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, мемлекеттік басқаруды жетілдірудің және азаматтардың өмір сапасын жақсартудың басты құралы ретінде атап өтеді. «Біз ауқымды цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын белсенді интеграциялау арқылы экономиканы жаңғыртуға тиіспіз. 2) Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары «Білім беру және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 169 қаулысы) кәсіптік білім берудің сапасын арттыру және оқытудың заманауи цифрлық әдістерін енгізу жөніндегі стратегиялық мақсаттарына тікелей бағытталған. Сондай-ақ, жұмыс «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру процесіне тиімді интеграциялау міндеттерін жүзеге асыруға айтарлықтай үлес қосады. 3) Диссертациялық жұмыс ЖҒТК бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарының «Адами капиталды дамыту және қоғамдық ғылымдар» басым бағытына, оның ішінде «Білім беру және тәрбиелеу» (немесе қажет болса, «Цифрлық трансформация және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар») тармағына толықтай сәйкес келеді. Зерттеуде қарастырылып отырған кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және еңбек нарығының заманауи

			талаптарына жауап беретін мамандар даярлауға бағытталған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертанттың «Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі педагогика ғылымының даму бағытына, атап айтқанда, кәсіптік оқыту білім алушыларын заманауи құралдары арқылы оқыту мәселесіне сәйкес келеді және білім беру саласына қосылған маңызды ғылыми әрі практикалық үлес ретінде бағаланады. <i>Біріншіден</i>, зерттеу барысында кәсіптік білім беру саласындағы құзыреттілік тәсілді әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін ашылып көрсетілді («кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің» <i>авторлық анықтамасы</i>). <i>Екіншіден</i>, зерттеуде кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалынды. <i>Үшіншіден</i>, зерттеуде кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны жасалынып, оны іске асыруға бағытталған педагогикалық шарттар кешені қамтамасыз етілді. <i>Төртіншіден</i>, кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелі-эксперимент жүзінде нәтижелерімен дәлелденді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысын орындау деңгейі <i>жоғары екені</i> айқын аңғарылады, зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттермен жан-жақты танысып, теориялық тұжырымдарды терең меңгерген. Ғылыми дереккөздерге сүйене отырып, зерттеу барысында жүргізілген талдауларды нақты мысалдармен негіздеп, өзіндік ғылыми ұстанымын қалыптастырған және дәлелді қорытындылар жасаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылыми тұрғыда дәйекті <u>негізделген</u>, себебі ол кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін шешуге бағытталған. Зерттеу барысында әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістемелік кешен ұсынылған теориялық қағидаттармен өзара үйлесімін тауып, педагогикалық эксперимент нәтижесінде эмпирикалық

		тұрғыда дәлелденген. Бұл модель кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың тұтас әрі жүйелі дамытуға негізделген. Зерттеу міндеттерінің кезең-кезеңімен шешілуі және алынған нәтижелердің ғылыми тұрғыдан негізделуі кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды енгізудің нақты, дәлелденген жолдарын ұсынады. Автор ұсынған әдістемелік ұсыныстар мен оқу-әдістемелік материалдар білім беру мазмұны мен мақсаттарына толық сәйкес келіп, оларды тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары екені анық байқалады. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың құрылымы, теориялық тұғырнамасы, практикалық ұсыныстары мен қорытындылары өзара сабақтастықта ұсынылып, ғылыми тұтастық пен әдістемелік үйлесімділікті қамтамасыз етеді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны «Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбын толық <i>айқындайды</i>. Талдау барысында зерттеу негізгі мәселелерден ауытқымай, жүйелі түрде жүргізілген. Диссертанттың ғылыми ізденістері қойылған тақырыптың мазмұнын толық ашуға бағытталған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына толық <i>сәйкес келеді</i>. Ізденуші зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін, әдіснамалық тұғырларды басшылыққа ала отырып, ғылыми аппаратының логикалық бірізділігін қамтамасыз еткен. Зерттеу міндеттері кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, олардың нәтижелері диссертацияның мазмұнында толық көрініс тапқан. Қолданылған әдістер мен тәсілдер зерттеу мақсатына сай таңдалып, алынған нәтижелер қойылған мақсатқа жеткенін дәлелдейді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық тұрғыдан <i>толық байланысқан</i>. Зерттеудің теориялық және тәжірибелік бөлімдері логикалық бірізділікпен құрылған, әрбір тарау келесі бөлімнің мазмұнын негіздеуге бағытталған. Қорытындылар зерттеу барысында алынған нәтижелермен үйлесіп, жалпы жұмыстың тұтастығын қамтамасыз етеді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі	Диссертант ұсынған жаңа ғылыми шешімдер (қағидаттар, әдістер) <i>дәлелденіп</i>, бұрыннан бар шешімдермен салыстырылып, <i>сыни талдаулар жасалған</i>. Автор ұсынған жаңа

		шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	шешімдер (қағидаттар, әдістер) ғылыми тұрғыда негізделіп, педагогика ғылымындағы бұрыннан белгілі теориялармен және тұжырымдармен салыстырмалы талдау арқылы бағаланған. Зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мәселенің түрлі қырлары қарастырылып, авторлық ұстаным айқындалған. Бұл ұсынылған педагогикалық шарттар мен әдістеменің ғылыми жаңашылдығы мен негізділігін дәлелдеуге мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ізденуші ұсынған ғылыми нәтижелер педагогика ғылымында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жүйелі әрі кешенді түрде қарастыруымен ерекшеленеді. Диссертацияда кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары алғаш рет дербес ғылыми нысан ретінде айқындалған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы «кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігі» ұғымының мазмұны нақтылауымен және оның құрылымдық компоненттерін анықтауымен сипатталады. Автор ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің педагогикалық шарттарының мазмұны мен бағыттылығын айқындайтын дәлелді түрде негіздеген. Сонымен қатар кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін бағалауға мүмкіндік беретін өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесінің ұсынылуы зерттеудің жаңалығын арттырады. Аталған диагностикалық кешен зерттелетін феноменді сапалық және сандық тұрғыдан кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеудің жаңалығын айқындайтын тағы бір маңызды нәтиже – кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық, мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерден тұратын теориялық модельдің жасалуы болып табылады. Бұл модель зерттеу нәтижелерін жүйелеуге және педагогикалық шарттарды жүзеге асыру логикасын айқындауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қағида мазмұндық тұрғыдан жаңалығымен, зерттеудегі теориялық және қолданбалы аспектілерін толықтыруымен және кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру

		мәселесін жаңа деңгейде шешуімен ерекшеленеді.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің нәтижелері педагогика ғылымы үшін <i>елеулі жаңалық</i> болып табылады. Жұмыстың мазмұны кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жаңа қырынан қарастырып, теориялық әрі қолданбалы маңызы зор ғылыми қорытындылар жүйесін ұсынады. <i>Алғашқы маңызды қорытынды</i> – кәсіптік білім беру саласындағы құзыреттілік тәсіл әдіснамалық тұрғыдан негізделініп, білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен «кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің» <i>авторлық анықтамасымен</i> нақтыланды. <i>Келесі маңызды қорытынды</i> – кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі. Ол құзыреттілік тәсілге, жүйелік-әрекеттік және аксиологиялық тұғырларға негізделе отырып, білім алушылардың цифрлық білім беру ортасындағы кәсіби-педагогикалық әрекетін тиімді ұйымдастырудың бағыт-бағдарын айқындады. Модельдің құрылымдық компоненттері ретінде мазмұндық, мотивациялық, іс-әрекетті және рефлексивті блоктары қарастырылды. Бұл модель кәсіптік оқыту білім алушыларының цифрлық құралдарды педагогикалық мақсаттарда тиімді қолдану дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға мүмкіндік берді. <i>Үшінші қорытынды</i> – зерттеуші ұсынған кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: ұйымдастырушылық шарттар нормативтік-ресурстық базаны қамтамасыз етіп, құзыреттілік дамуына ықпалын тигізді. мазмұндық шарттар оқу бағдарламалары арқылы ақпаратты іздеу, талдау, оқыту әдістерін қолдануды ғылыми тұрғыдан негізделді. әдістемелік шарттар белсенді оқыту, рефлексивті бағалау арқылы білімді іс-әрекетке айналдыраы. психологиялық-әлеуметтік шарттар білім алушының ішкі мотивациясын, өзін-өзі реттеуді және қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыру арқылы құзыреттілік дамуына психологиялық дайындық туғызды. материалдық-техникалық шарттар заманауи техникалық база мен цифрлық ресурстардың қолжетімділігі арқылы

		құзыреттіліктің практикалық іске асырылуын қамтамасыз етті. Нәтижесінде, ақпараттық-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұны мен педагогикалық шарттарының өзара байланысы білім беру сапасын арттырудың инновациялық тетігі ретінде дәлелденді. Тағы бір маңызды қорытынды – кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың бойынша тәжірибелі-эксперимент нәтижелері. Алынған нәтижелер көрсеткендей, ұсынылған модель мен педагогикалық шарттардың қолданылуы ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың барлық компоненттері бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0,01$) және практикалық тұрғыдан маңызды ($r > 0,30$) дәрежеде тиімділігін растайды. Әсіресе, іс-әрекетті компонент бойынша үлкен әсер ($r = 0,42$) ақпараттық-әдістемелік құзыреттіліктің практикалық қолданыстағы тиімділігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері кәсіптік оқыту білім алушыларының цифрлық құралдарды оқыту үдерісінде тиімді қолдану деңгейінің, әдістемелік шешімдер қабылдау қабілетінің және кәсіби-педагогикалық әрекетке даярлығының Mann–Whitney U-тесті арқылы статистикалық маңызды дәрежеде ($p < 0,01$) артқанын көрсетті.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). Диссертацияда тұжырымдалған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу нәтижелері теориялық талдау, эмпирикалық деректер және педагогикалық эксперимент қорытындылары арқылы дәйектелген. Айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау кезендерін қамтитын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған мәліметтер сапалық және сандық талдау әдістерімен өңделіп, зерттеу болжамының дұрыстығын растаған. Сонымен қатар, қорытындылар өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлер жүйесінің ғылыми негізде анықталуына және диагностикалық құралдардың бірізді қолданылуына сүйенеді. Бұл зерттеу нәтижелерінің шынайылығы мен

			негізділігін қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Ереже дәлелденді ме? - 1) <u>дәлелденді</u> Теориялық-әдіснамалық талдау негізінде кәсіптік білім беру саласындағы құзыреттілік тәсіл әдіснамалық тұрғыдан негізделініп, білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен «кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің» <i>авторлық анықтамасымен</i> нақтыланды. Педагогикалық шарттар теориялық тұрғыда айқындалып, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен дәлелденген. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен өлшемдер жүйесі ғылыми негізделіп, эмпирикалық деректер арқылы тексерілген. Әдістеменің тиімділігі айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерін қамтитын педагогикалық эксперимент нәтижелерімен толық дәлелденген. 7.2 Тривиалды ма? -1) жоқ; Ұғымдарға авторлық анықтама берілуі және кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің нақтылануы оның тривиалды емес екенін көрсетеді. Педагогикалық шарттар жүйелі түрде негізделіп, мазмұндық тұрғыда толықтырылған. Модель мен өлшемдер жүйесі интегративті сипатқа ие, дайын үлгілерді қайталамайды. Әдістеме авторлық сипатта әзірленіп, тәжірибелік тұрғыда тексерілген. 7.3 Жаңа ма? -1) ия; Қорғауға шығарылған негізгі ережелер негізгі ұғымдардың нақтылануына, педагогикалық шарттардың ғылыми негізделуіне, теориялық модель мен диагностикалық кешеннің әзірленуіне және әдістеменің эксперименттік тұрғыда дәлелденуіне байланысты ғылыми жаңашылдыққа ие болып табылады. 7.4 Қолдану деңгейі:- 3) <u>кең</u> Қорғауға шығарылған негізгі ережелер қазіргі педагогикалық теория мен практиканың тоғысында маңызды орын алады. Ол ғылыми негізделуімен, қолданбалы маңыздылығымен және бұрын-соңды кешенді түрде зерттелмегендігімен ерекшеленеді. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? -1) <u>ия</u>; Диссертациялық жұмыстың нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСНВО) ұсынған басылымдарда және Scopus деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған.

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Докторант Г.А. Ахметжанова ұсынған диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіснамалық негіздеме ғылыми тұрғыда жан-жақты әрі жүйелі түрде негізделген. Зерттеу барысында алынған деректер мен жүргізілген талдаулар дәйектілік қағидатына сәйкес ұсынылып, олардың ғылыми және теориялық негізділігі толық қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеу барысында ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері қолданылып, деректерді өңдеу және интерпретациялау үдерісі компьютерлік технологиялардың көмегімен жүзеге асырылған. Алынған нәтижелер математикалық-статистикалық әдістер арқылы талданып, зерттеу мәліметтері диаграммалар мен графикалық көрнекі құралдар түрінде жүйеленген. Бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу барысында ұсынылған теориялық тұжырымдар Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті мен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті арасында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді. Экспериментке қатысқан білім алушылар саны - 89, оның ішінде эксперименттік топта – 45, бақылау тобында – 49 студент.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастыру мәселесі бойынша жасалған тұжырымдар философиялық, психологиялық және педагогикалық бағыттағы ғылыми еңбектерге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне сүйене отырып дәлелденген. Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер қатарына оқу-әдістемелік құралдар, Scopus базасына енген халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы еңбектер енеді. Бұл дереккөздер диссертациялық жұмыстың ғылыми негізділігі мен

			тұжырымдарының сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	151 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативті-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерден тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу мазмұны жағынан теориялық тұрғыдан елеулі маңызға ие. Зерттеу барысында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттер негізінде жан-жақты талданып, оның теориялық-әдіснамалық негіздері анықталған. Зерттеуде кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің ұғымдарының мәні нақтыланып, оның құрылымдық компоненттерін (мазмұндық, мотивациялық, іс-әрекеттік, рефлексивті), өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау арқылы педагогика ғылымындағы теориялық олқылықтардың орнын толықтыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу аясында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі жасалып, ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтайтын өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлер айқындалған. Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары ғылыми негізделіп, оны жүзеге асырудың әдістемесі әзірленген. Әдістеме педагогикалық эксперимент барысында сынақтан өтіп, тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс аясында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру теориясын жетілдіруге елеулі үлес қосатын ғылыми еңбек болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу аясында ұсынылған практикалық ұсынымдар мазмұны жағынан жаңашыл сипатқа ие және педагогикалық практикада бұрын қолданылмаған әдістемелік шешімдерді қамтиды. Бұл ұсыныстар аясында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жетілдіруге нақты бағыт береді. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада

			қолдану мүмкіндігі жоғары: Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер жасалынып, оқыту жүйесіне енгізілді: 1. «Кәсіби педагогика» оқу құралы (ISBN 978-6017934-76-7). 2. «Кәсіби педагогика» электрондық оқу құралы (авторлық куәлік № 10748 11.06.2020ж.). 3. Электрондық практикумы «Электрондық оқыту-E-learning білім алушылардың оқыту әдістемесінде қолдану шарттары» электрондық оқу құралы (авторлық куәлік № 6056 25.10.2019ж.). 4. «Онлайн платформаларды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету» элективті пән (зерттеу нәтижелерін енгізу туралы акт 18.03.2021ж. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ). 5. «Онлайн платформаларды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету» онлайн курс (www.tanym.com). 6. «Цифрлық білім беру ортасын дамыту» бейне-дәріс (www.tanym.com). 7. «Global Education and Training» семинар («500-Ғалым» Болашақ бағдарламасы, UIUC, USA, 2024-2025жж. тағылымдамадан өткен тәжірибе).
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу аясында ұсынылған практикалық ұсынымдар мазмұны жағынан жаңашыл сипатқа ие және педагогикалық практикада бұрын қолданылмаған әдістемелік шешімдерді қамтиды. Бұл ұсыныстар кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жетілдіруге нақты бағыт береді. Зерттеу нәтижелері осы тақырып аясындағы алдағы ғылыми ізденістерге негіз бола отырып, кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың жаңа жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған практикалық ұсынымдар осы бағыттағы зерттеулерге әдіснамалық база ретінде қызмет ете алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары.
		1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертация мазмұны ғылыми талаптарға сәйкес орындалғанымен, зерттеу жұмысында кейбір теориялық тұжырымдарды заманауи халықаралық	

		зерттеулермен тереңірек байланыстыруға болар еді. Жекелеген бөлімдерде ғылыми стильге тән күрделі сөйлемдердің көлемі үлкен болғандықтан, кейбір ойларды ықшамдап беру жұмыстың қабылдауын жеңілдетер еді. Алайда аталған ескертулер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді және ол кеңес ретінде ұсынылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант Г.А. Ахметжанова жүргізген зерттеу нәтижелері тиісті талаптарға сәйкес ғылыми айналымға енгізілген және олар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған басылымдар мен халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған. Жарияланған мақалалар диссертация тақырыбының өзегіне сай келеді және зерттеу мазмұнымен толық сәйкеседі. Оларда диссертациялық жұмыста қарастырылған негізгі ғылыми идеялар мен тұжырымдар жүйелі түрде көрініс тапқан.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қорытынды: Ахметжанова Гульдарай Адильхановнаның «Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежені беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келетіндіктен және оның авторы 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Рецензент:

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті,
«Шетел филологиясы және аударма ісі»
кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD



Б.Т. Керимбаева